

К, 44

С. ҚАСҚАБАСОВ

**ҚАЗАҚТЫҢ  
ХАЛЫҚ  
ПРОЗАСЫ**

ҚАЗАҚ ССР ҒЫЛЫМ АКАДЕМИЯСЫ

М. О. ӘУЕЗОВ АТЫНДАҒЫ ӘДЕБИЕТ ЖӘНЕ ӨНЕР  
ИНСТИТУТЫ

СЕЙІТ ҚАСҚАБАСОВ

ҚАЗАҚТЫҢ  
ХАЛЫҚ  
ПРОЗАСЫ



Қазақ ССР-інің «ҒЫЛЫМ» баспасы

АЛМАТЫ — 1984

Касқабасов С. Қазақтың халық прозасы. — Алматы: Ғылым, 1984. — 272 б.

«Ерте, ерте, ертеде, ешкі жүні бөртеде, қырғауыл жүні қызыл екен, құйрық жүні ұзын екен...», — деген өрнекті сөзбен басталып, тыңдаушысын кейіпкерімен бірге аспанға ұшырып, жер астына түсіріп, неше түрлі құпияға толы әлемді шарлататын ертегілер мен аңыздар ісі қазақ атаулының балғын шағынан қанына сіңіп, қиялын шарықтататыны аян. Аспандағы жұлдыздар мен жердегі асқар таулар жайындағы мифтер, жезтырнақ пен жалғыз көзді дәу туралы хикаялар, жер астындағы жылан еліп аралаған Ер Төстік пен күн астындағы Күшкей сұлу хақындағы ертегілер қашан да болса тамсандырып, таңқалдырады.

Міне, осындай шығармаларды талдау негізінде жазылған бұл еңбекте қазақ фольклорының прозалық жанрлары жанжақты зерттеледі, олардың өзіндік ерекшеліктері мен типологиялық белгілері сипатталады, композициялық және көркемдік қасиеттері қарастырылады.

Кітап әдебиет пен фольклорды зерттеушілерге, филология саласында жұмыс істейтін ғылыми қызметкерлерге, жоғары оқу орындарының студенттері мен аспиранттарына арналған.

Жауапты редактор

филология ғылымының докторы  
Р. БЕРДІБАЕВ

Рецензент

филология ғылымының докторы  
М. ДҮЙСЕНОВ

К 4604060000—133 | 29.84  
407(05)—84

(С) Қазақ ССР-інің «Ғылым» баспасы, 1984



### АЛҒЫ СӨЗ

Қазақ халқының бағзы заманнан бергі негізгі рухани азығы, мәдениеті, философиясы — ауыз әдебиеті болғандығы мәлім. Оның шығармалық үлгілері қисапсыз мол болса, жанрлық түрлері де көп. Мұнда батырлар жыры, ғашықтар жыры, ертегі, аңыз, тарихи жыр, өлең, мақал-мәтел, шешендік сөз, жұмбақ, мұң-шер жырлары, өтірік өлең тағы басқалар бар. Бұлар орындалу мәнеріне қарай не поэзия түрінде, не проза түрінде болып келеді. Поэзия түріндегісі айтарлықтай зерттелген, ал проза үлгісіндегілері ғылыми жағынан әлі толық қарастырылмай келеді. Әділдігін айтсақ, қара сөз түріндегі фольклор өзінің көнелігі, ұшқырлығы, ғажайып сипаты жағынан поэзиялық үлгілерден кем емес, қайта көп жағдайда басым түсіп жатады. Оның бұдан да басқа толып жатқан қасиеттері бар. Егер өлең түріндегі фольклор, негізінен, көркемдік, эстетикалық және тәрбиелік роль атқарған болса, прозалық халық шығармалары елге көбінесе табиғаттың сырын ұғуға, дүниетанымды кеңейтуге, өмірді білуге жәрдемдескен.

«Қазақтың халық прозасы» деп аталатын бұл еңбек қарасөз түріндегі халық ауыз әдебиетін зерттеуге арналған. Қазақ филологиясында «халық прозасы» деген терминдік ұғым жоқ. Бұл заңды да. Өйткені «халық прозасы» деген ұғым әлемдік фольклортану ғылымының өзінде бертін (1950—60 жылдардан бастап), яғни «Халық прозасын зерттеушілердің халықаралық қоғамы» құрылғаннан кейін қолданыла бастады. Дүние жүзі фольклортануында қалыптасқан түсінік бойынша, халық прозасына ауыз әдебиетінің қара сөзбен айтылатын

барлық түрі кіреді. Олар екі үлкен топқа бөлінеді. Бірі — ертегілердің барлық жанры, ал екіншісі — ертегіге жатпайтын прозалық шығармалар. Орыс фольклорын зерттейтін ғылымда бұл екі топ «сказочная проза» және «несказочная проза» деп аталады.

Қазақ фольклортану ғылымында да халық ауыз әдебиетінің құрамында прозалық жанрлар бар екені, олар іштей жіктелетіні айтылып келді. Мәселен, Мұхтар Әуезов пен Есмағамбет Ысмайылов оларды «Фольклордың қарасөзбен айтылатын ерекше бір түрі»<sup>1</sup>, — деп атаса, Мұқаметжан Қаратаев: «...проза саласы... ауыз әдебиетінде тек ертегі, аңыз түрінде ғана жасайды»<sup>2</sup>, — деп жазады. Демек, басқа халықтардың фольклоры сияқты, қазақ ауыз әдебиеті де прозалық үлгіге бай. Сондықтан қазақ фольклорының прозалық жанрлары жеке бір жүйе (система) құрайды деп айтуға және оны «халық прозасы» деп атауға әбден болады. Оның құрамында ертегіден басқа да біршама прозалық жанрлардың үлгісі бар. Мысалы: аспандағы көптеген жұлдыздар, күн мен ай туралы мифтер, жеке-жеке тау, тас, көл, мекен аттарының шығуын бір тарихи оқиғаға байланысты баяндайтын аңыздар, жезтырнақ, жалғыз көзді дәу, әр түрлі үббе, күлдіргіш, албастылар жайындағы хикаялар, Лұхман, Сүлеймен, Ескендір хақындағы әпсана-хикаяттар ертегіге жатпайды. Ал, ертегілердің өзі бірнеше салаға бөлінеді. Міне, осылардың бәрі «халық прозасы» болып саналады.

Алайда, біздің ұлттық фольклортануымызда халық прозасының ертегілер тобы ғана зерттелген. Ертегіге жатпайтын прозалық фольклор әлі күнге дейін жекелеіп бөлінген де, жүйеленген де емес. Бұл топ көбінесе ертегілермен бірге қарастырылып келеді. Тек М. Әуезов пен Е. Ысмайылов бір топ прозалық шығарманың ертегі жанрына жатпайтынын анықтап, оларды «аңыз ертегілер» деп атаған<sup>3</sup> (соның өзіне де «ертегі» деген сөз қо-

<sup>1</sup> Әуезов М., Ысмайылов Е. Қазақ ертегілері. — Кітапта: Қазақ ертегілері: 3 томдық. Алматы, 1957, 1-т., VII б. (Кіріспе мақала).

<sup>2</sup> Қаратаев М. Социалистік реализмнің қазақ прозасында қалыптасуы. Алматы, 1965, 127-б.

<sup>3</sup> Әуезов М. Уақыт және әдебиет. Алматы, 1962, 55—62-б.; Әуезов М., Ысмайылов Е. Қазақ ертегілері. — Кітапта: Қазақ ертегілері, 1-т., XXVIII—XXXIV б.

сақталып жүр). Бұл топқа олар қысқаша шолу жасаған. Осы бастаманы қазіргі фольклортанудың қажеттіктеріне және деңгейіне сәйкес әрі қарай жалғастырып, дамыту кезі келген сияқты.

Біздің еңбектің мақсаты — фольклор жанрларының теориясына сәйкес халық прозасын бір жүйемен зерттеп шығу, оның жанрлық құрамын ашу, әрбір ішкі жанрдың шығу, даму процесін көрсету, халық прозасының өмір шындығына қатысын анықтау және оның поэтикасын талдау.

Зерттеу тарихи-салыстырмалы әдіс бойынша жүргізіледі, өйткені сонда ғана қазақ халық прозасының типологиялық, әрі өзіндік сипаттарын ашуға болады. Халық прозасының жанрлық құрамы тұңғыш рет арнайы зерттеліп отырғандықтан одақтық фольклортану ғылымының тәжірибесі мен жетістіктеріне сүйенуге тура келеді; жанрлар теориясының өзекті-өзекті мәселелері мен жанрларды ғылыми классификациялаудың шарттары қарастырылады. Соның негізінде, әрі қазақ фольклорының ішкі заңдылықтарына сәйкес халық прозасы *аңыздық проза* (аңыздар) және *ертегілік проза* (ертегілер) деп екі үлкен салаға бөліне талданады.

«Аңыздық проза» көбінесе генезистік және тарихи даму тұрғысынан зерттеледі, оның ішкі жанрлары анықталады, оларға тұңғыш рет сипаттама беріледі. Сонымен қатар, әр жанрдың ерекшелігі мен бәріне ортақ қасиеттері талданады.

«Ертегілік проза» жаңаша сараланады, әсіресе, оның типологиясы мен поэтикасына ерекше көңіл бөлінеді.

Қорыта айтқанда, бұл монографияда қазақтың халық прозасы тұңғыш рет бір жүйеде зерттеліп, оның ел өмірінде атқарған ролі, халық тұрмысымен байланысы, бүкіл қазақ ауыз әдебиетінде алатын орны мен маңызы ашылады. Осы зерттеуіміз оқырман қауымның ұлттық рухани мұраны тереңірек түсініп, дұрыс бағалауына себін тигізсе, фольклористерге қажетті түрде жәрдем етсе, біздің мақсатымыз орындалды, еңбегіміз ақталды деп білсеміз. Автор кітаптың жазылу барысында ақыл-кеңес беріп, еңбектің ғылыми деңгейін көтеруге атсалысқан жолдастарға шын жүректен алғыс айтады.



## Бірінші тарау

# ФОЛЬКЛОР ЖАНРЛАРЫНЫҢ ТЕОРИЯСЫ ЖӘНЕ ХАЛЫҚ ПРОЗАСЫН САРАЛАУ МӘСЕЛЕЛЕРІ

### Фольклорлық жанрдың табиғаты

Қазақ фольклортану ғылымында әлі күнге дейін толық зерттелмей келе жатқан мәселенің бірі — жанр табиғаты, оның дамуы және қызметі. Аса көрнекті совет фольклорисі В. Я. Пропп 1946 жылдың өзінде фольклорлық жанрларды жеке алып зерттеудің қажеттігін атап көрсеткен еді. «Фольклортанудың алдындағы міндеттердің бірі, — деп жазды ол, — жанр категориясын бөліп алып, жеке зерттеу...»<sup>1</sup>. Бұл біздің алдымызда келелі міндет боп әлі тұр.

Жанр — өнердің, әдебиет пен фольклордың, бір жағынан, жалпы, көп қырлы (универсалды) категориясы да, екінші жағынан, нақтылы категориясы. Көп қырлы болатыны — онда әр түрлі әдістер мен тәсілдер көрініс табады, ал нақтылы болатыны — шығарма белгілі бір жанрдың аясында жазылады. Әр жанрдың өзіндік ерекшелігі, заңдары болады. Оларды білмейінше, өнердің, фольклор мен әдебиеттің жалпы сырын түсіну мүмкін емес, сондай-ақ шығарманы дәл танып, терең талдап, әділ бағалау да қиын.

Фольклортану ғылымында жанрға берілетін анықтама жайында В. Я. Пропп былай деп жазады: «Орыс әдебиеттануында жанр деген сөзбен тектік емес, түрлік ұғым беріледі. Поэзияның тек пен түрге бөлінетіні жайында кезінде Белинский жазған-ды. Осы бөлініске сүйеніп, ол «орыс әдебиетінің сыни тарихын» жазбақ болған еді. Сол еңбектің жалғасы ретінде Бе-

<sup>1</sup> Пропп В. Я. Фольклор и действительность. М., 1976, с. 20.

линский халық поэзиясы туралы үлкен тарау жазды. Онда ол орыс халық поэзиясының кейбір жанрларын тұңғыш рет анықтап, сипаттап берді. Белинскийге, кейін Веселовскийге де, әдебиет тарихын өз даму заңдылықтарына сәйкес жасау үшін жанрлар мәселесі — алғашқы саты болып көрінді. Ал, поэзияның тектері — эпосқа (дәлірек айтқанда — баяндау поэзия мен прозаға), драмаға және лирикаға тәп екені баршаға аян. Тектер түрлерге бөлінеді, ал бұл түрлерді біз жанрлар деп атаймыз»<sup>2</sup>.

Алайда, бұл анықтама айтарлықтай дәл емес. Алдымен айтатын нәрсе — «тек», «түр» ұғымдары саралау мен жіктеу саласына жатады. Ал бізге керегі — ең алдымен саралаудың шарттарын белгілеу. Ол үшін бірінші кезекте «жанр» ұғымына нақты анықтама табу керек. Басқаша айтсақ, фольклорлық жанрларды сараламас бұрын жанр деген не, оның табиғаты, ерекшелігі қандай? — міне, осы мәселелерді шешіп алу қажет. Жанрлар көп. Ендеше әр жанрды жеке тексеруге де, басқа жанрлармен қатынаста алып та зерттеуге болады. Олай болса, біз үшін алғашқы қадам — «жанр» ұғымын анықтау.

Жанр ұғымына бірден анықтама беру мүмкін емес. Жанр туралы бүкіл арғы-бергі дәуірде айтылған пікірлерді айтпағанның өзінде, тек совет әдебиеттану ғылымында жанрға әр қилы мағына мен анықтама беріліп келді. Мәселен, 1920—30 жылдардан бастап, осы күнге дейін кең таралған бір-екі анықтаманы алсақ та жеткілікті: «жанр дегеніміз — бір үлгіге талпынудың, жүгінудің түрі», «жанр — өзгермелі және тұрақты элементтердің бірлігі», «жанр өзін-өзі бағындырып, жоққа шығарып дамиды»<sup>3</sup>. Бірақ бұл анықтамаларды түгелдей қабылдауға болмайды, өйткені, оларды даму үстіндегі кез келген құбылысқа пайдалануға болады.

Тағы бірер мысал келтірейік: «жанр дегеніміз, — барлық көркем түр сияқты, тұрақталған, белгілі бір әдеби конструкцияға айналған мазмұн»<sup>4</sup>, «жанр — таным процесіндегі бір кезеңнің шектелгенінің көрінісі табыл-

<sup>2</sup> Сонда, 35-б.

<sup>3</sup> Проблемы жанра и стиля. Уфа, 1970, с. 33—34.

<sup>4</sup> Теория литературы: Роды и жанры литературы. М., 1964, с. 21.



ған эстетикалық шындықтың формуласы»<sup>5</sup>. Міне, бұл анықтамалар да біржақты. Себебі жанр — қатып қалған тас емес. Оның мазмұны да, түрі де әр дәуір мен қоғам талабына сәйкес дамып, өзгеріске түсіп отырады. Сондай-ақ эстетикалық формула да бір жанрдың ішінде өзгеріп отырады.

Біздің елде «жанр» ұғымы әдебиеттану мен фольклортану ғылымдарында көбінесе бір мағынада, «түр» мағынасында қолданылып жүр. Мысалы, Совет Одағында қабылданған әдебиеттану мен фольклортану оқулықтарында былай делінген:

«Біздің ғылымда «жанр» термині екі мағынада қолданылады. Көбінесе жанр деп баяғыдан бері әдебиеттің «тектері» болып саналатын эпосты, лириканы, драманы айтып жүр. Этимологиялық жағынан келгенде бұл дұрыс — француздың «genre» (латынның «genus» сөзінен алынған) сөзі «тек» деген ұғымды береді. Алайда, бұл ертеден қалыптасқан дәстүрді бұзады. Ол дәстүр бойынша «жанр» сөзімен әдебиеттің тектері емес, сол тектердің ішкі бөлшектерін атайтын. Мәселен, эпопея, роман, новелла, очерк, немесе ода, элегия, эпиграмма; я болмаса трагедия, комедия, водевиль т. б. Міне, әдеби жанрларды біз осы дәстүрлі мағынада түсінеміз»<sup>6</sup>. Бұл соңғы шыққан «Әдебиет теориясында».

Ал, орыс фольклорына арналған жаңа оқулықта былай деп жазылған: «Әдеби (ал біздер үшін фольклорлық та) творчествоның қалыптасқан үш түрі бар: эпос, лирика және драма. Әдетте, оларды тектер деп есептейді. Әрбір тек белгілі бір типке жататын шығармалар тобын қамтиды...

Тек — кең мәнді құбылыс, әрі ұғым; ол бірнеше түрді қамтиды, сол түрлер арқылы нақты көрінеді. Осы күні әдебиеттану мен фольклортануда «түр» деген термин мен ұғым тіпті қолданылмайды десе де болады, оның орнына әрі термин, әрі ұғым ретінде «жанр» сөзі пайдаланылады. Ал, бұрын олар жске-жеке мәнде болатын. Біз де жұмысқа қолайлы болу үшін «жанр» сөзін қолданамыз, өйткені ол «тектен» гөрі ықшамды.

<sup>5</sup> Историко-литературный процесс. М., 1974, с. 189.

<sup>6</sup> Пospelов Г. Н. Теория литературы. М., 1978, с. 230.

Сонда біз тек шындықты бейнелеу әдісі (эпикалық, лирикалық, драмалық) деп, ал «жанр» көркем түрдің типі деп білеміз (ертегі, өлең, мақал)»<sup>7</sup>.

Міне, Бүкілодақтық ғылымда «жанр» термині «түр» мағынасында алынып, ол әдебиетте де, фольклорда да бірдей деп саналып жүр. Бұл пікір біздің ұлттық филологиямызда да орын алған. Мысалы, К. Жұмалиев «Әдебиет теориясында» былай деп жазады: «Бұрын да, кейін де «әдебиеттің тектері» деудің орнына «жанр» дейтін. Эпостық жанр, лирикалық жанр, драмалық жанр. Дұрысының өзі де осы. Профессор Л. Тимофеев пен Н. Венгров: «Әдебиет тегін жанр деп атау дұрысырақ», — дейді. Біз де осы пікірге қосыламыз. Сондықтан *әдебиет тегі* мен *әдебиет жанры* деген терминдер бір ұғымда қолданылады»<sup>8</sup>.

Қазақ әдебиеттану ғылымында әдеби жанрлардың жалпы теориясына қатысты пікір айтқан ғалымдардың бірі — З. Қабдолов. Ол жанрды даму үстіндегі ұғым, нақты тарихи түр деп анықтайды<sup>9</sup>. Автордың өз сөзімен айтсақ:

«Әдебиет теориясында пішін (форма) бар да, түр (вид) бар. Дәлірек айтқанда, әдебиеттің тектері (эпос, лирика, драма) бар да, түрлері (роман, поэма, трагедия т. б.) бар. Тек те, түр де жанр деген ұғыммен, яғни жанр және жанрлық түрмен мәндес»<sup>10</sup>.

Республикамызда фольклор жанрларының теориясына және жанрларды саралау мәселесіне байланысты алғаш ғылыми пікір айтушылардың бірі — Б. Уахатов. Ол өзінің «Қазақтың халық өлеңдері» атты монографиясында біз зерттеп отырған проблеманың өлеңге қатысты аспектілерін арнайы қарастырған. Ғалым халық өлеңдерін жанрлық тұрғыдан сипаттай келіп, жалпы жанрға анықтама береді.

«Жанр, — деп жазады ол, — белгілі бір қоғамдық қызмет атқаратын және соған лайықты мазмұны бар, әбден қалыптасқан көркемдік форма»<sup>11</sup>.

<sup>7</sup> Кравцов Н. И., Лазутин С. Г. Русское устное народное творчество. М., 1977, с. 33—34.

<sup>8</sup> Жұмалиев К. Әдебиет теориясы. Алматы, 1969, 222-б.

<sup>9</sup> Қабдолов З. Әдебиет теориясының негіздері. Алматы, 1970, 307—312-б.

<sup>10</sup> Сонда 308-б.

<sup>11</sup> Уахатов Б. Қазақтың халық өлеңдері. Алматы, 1974, 75-б.